

2008 жылы Қазақстан Республикасындағы Украина жылын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N 448 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
және республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы ынтымақтастықты
жандандырып, экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық салалардағы
байланыстарды нығайту және Қазақстан Республикасының Президенті мен Украина
Президенті кездесулерінің барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау
мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2008 жылы Қазақстан Республикасындағы Украина жылы өткізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылы Қазақстан Республикасындағы
Украина жылын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрып,
көрсетілген іс-шараны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігіне жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті